АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ МӘСЛИХАТЫ

МАСЛИХАТ ГОРОДА АЛМАТЫ

ШЕШІМ

05.06.2025 жылы

Алматы қаласы

РЕШЕНИЕ

№ 217

город Алматы

Алматы қаласы мәслихатының 2024 жылғы 6 желтоқсандағы № 183 «Алматы қаласының 2025-2027 жылдарға арналған бюджеті туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Алматы қаласы мәслихатының 2024 жылғы 6 желтоқсандағы № 183 «Алматы қаласының 2025-2027 жылдарға арналған бюджеті туралы» шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«1. Алматы қаласының 2025-2027 жылдарға арналған бюджеті осы шешімнің 1, 2 және 3-қосымшаларына сәйкес, оның ішінде 2025 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 2 055 816 717,2 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 1 837 021 828,7 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 29 931 592,8 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 22 401 171,7 мың теңге;

трансферттер түсімдері – 166 462 124 мың теңге;

2) шығындар – 2 367 411 704,2 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 55 620 932,9 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 71 391 284 мың теңге, оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу – 74 132 784 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – - 438 607 203,9 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профициті пайдалану) – 438 607 203,9 мың теңге.»;

6-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«6. Қала бюджетінде жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтерді қаржыландыру 33 330 956 мың теңге сомасында бекітілсін.»;

7-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«7. Қорғаныс шығындары 19 187 862 мың теңге сомасында бекітілсін.»;

8-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«8. Қоғамдық тәртіпті, қауіпсіздікті, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметті қамтамасыз ету бойынша шығындар 66 932 090 мың теңге сомасында бекітілсін.»;

9-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«9. Білім беру шығындары 605 310 472 мың теңге сомасында бекітілсін.»;

10-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«10. Денсаулық сақтау шығындары 82 200 489 мың теңге сомасында бекітілсін.»;

11-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«11. Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету шығындары 74 089 365 мың теңге сомасында бекітілсін.»;

12-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«12. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық шығындары 614 034 450 мың теңге сомасында бекітілсін.»;

13-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«13. Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік 99 224 509 мың теңге сомасында бекітілсін.»;

14-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«14. Отын-энергетика кешеніне және жер қойнауын пайдалану шығындары 21 200 934 мың теңге сомасында бекітілсін.»;

15-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«15. Ауыл шаруашылығы, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аймақтардың, қоршаған орта мен жануарлар әлемін қорғау, жер қатынастары шығындары 35 132 598 мың теңге сомасында бекітілсін.»;

16-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«16. Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметтеріне шығындар 9 332 723 мың теңге сомасында бекітілсін.»;

17-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«17. Көлік және коммуникация шығындары 392 782 842 мың теңге сомасында бекітілсін.»;

18-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«18. Басқа да шығындар 194 162 492 мың теңге сомасында бекітілсін.»;

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласы
мәслихатының төрағасы **М. Отыншиев**